

Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2013 жылдың қаңтарынан наурызына дейін Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының аумағында тіркеуді және медициналық куәландырылуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімінің 2012 жылғы 12 желтоқсандағы N 50 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 20 желтоқсанда N 2005 тіркелді

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16-бабына, «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 27 маусымындағы № 859 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Қазақстан Республикасының тіркелу жылы он жеті жасқа толатын ер азаматтарды «Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) шақыру учаскесінде 2013 жылдың қаңтарынан наурызына дейін тіркеу және медициналық куәландыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімінің орынбасары С.Ө. Мұқановқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
КЕЛІСІЛДІ

Р. Елубаев

*«Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданының қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі» мемлекеттік*

мекемесінің бастығы

В. Гриб

2012 жылдың 12 желтоқсаны